

С .Ж. Асфендияров атындағы қазақ Ұлттық медицина университеті

Дәрілік аллергия



Орындаған: Мусина Г

Қабылдаған Кадырбаева Б Д

Топ :714-1

Курс :7

Аллергия дамуының ең жиі кездесетін себептерінің бірі организмге дәрілік заттардың әсері. Дәрілік аллергия дәрілік заттардың жанама әсерлерінің жиі себептеріне жатады, барлық дәрілік асқынулардың 50%-ын құрайды, дәрілерді қабылдайтын науқастардың 10-20 % -ында кездеседі.

Дәрілік аллергияның ерекшеліктері:

1. Дәрілік заттардың ең аз мөлшерінен дамиды, дәрінің мөлшері мен аллергиялық серпілістердің ауырлық дәрежесі арасында байланыс жоқ (дәрілердің аз мөлшері бір адамдарда өте ауыр, организм тіршілігіне қайшы келетін аллергиялық серпіліс дамытса, ең көп мөлшердің өзі кейбір адамдарда аллергияның жеңіл көрінісін береді)
2. Дәріні қайталап енгізгенде ғана дамиды. Бірақ, науқас организмi бұл дәрілік затпен немесе осыған химиялық құрылысы жағынан ұқсас заттармен ауа арқылы немесе тағам арқылы жанасуы мүмкін екендігін естен шығармау керек.
3. Аллергиялық серпілістің айқындығы дәрілік заттың қасиетіне, енгізу жолдарына, организмнің даралық реактивтілігіне байланысты;
4. ~~Кез келген дәрілік зат аллергияға болуы әбден мүмкін.~~

Аллерген антигеннің барлық қасиеттерімен (макромолекулалы, нәруыз табиғатты, организм үшін бөгде) сипатталуы тиіс.

Бөгде емдік сарысулар, екпелер, жануар ағзаларынан алынған (инсулин, тиреоидин, глюкокортикоидтар) ферменттік және гормондық препараттар, қанның нәруыздық препараттары (альбумин, гамма-глобулин), сонымен бірге өсімдіктерден алынатын фитопротеиндер айқын аллергиялық қасиеттермен сипатталады. Көптеген дәрілік заттар төмен молекулалық массалы, антиген табиғатты емес химиялық заттар, гаптендер (шала аллергиялар) болып табылады, организм нәруыздарымен тығыз байланысқаннан кейін ғана нағыз аллергия бола алады. Толық антигенге айналуы үшін дәрілік заттың молекулаларында белсенді, реакцияға қабілетті, құрамында бензол сақинасымен байланысқан хлор, амина- және нитротоптар бөліктерінің болуы маңызды рөл атқарады.



В ПРАКТИКЕ
ВРАЧА-СТОМАТОЛОГА

пособие для врачей



ДӘРІЛІК АЛЛЕРГИЯНЫ ТУЫНДАТАТЫН ЖАЙТТАР:

- 1 Тұқымқуалаушылыққа бейімділік;
 - 2 Дәрілік заттарды бақылаусыз қолдану, өздігінен емделу;
 - 3 Науқастардың дәрілерді ұзақ, қайталап қолдануы;
 - 4 Сау адамдардың дәрілік заттармен кәсіптік жанасуы;
 - 5 Негізсіз түрде дәрілік заттарды көп мөлшерде тағайындау (полипрагмазия)
 - 6 Антигендік қасиеті бойынша ұқсас дәрілерді тағайындау;
 - 7 Депо - (дюрантты) препараттарды қолдану;
 - 8 Дәрілердің жоғары сенсбилизациялық белсенділігі, физикалық-химиялық құрылымы;
 - 9 Бауыр мен бүйрек қызметі бұзылыстарының дәрігермен дұрыс бағаланбауы;
 - 10 Дәрілік заттармен аңғарымдық терілік сынақтың дұрыс жүргізілмеуі,
 - 11 Емдік және аңғарымдық мақсатта емдік сары сулардың кеңінен қолданылуы.
-

Дәрілік аллергия көбіне созылмалы жұқпалы ауру ошағы бар организмде дамиды

- 1 Ұзақ көптеген химиотерапия;
- 2 Аллергендердің шырышты қабаттардан артық енуі;
- 3 Иммундық жүйенің артық қызмет атқаруы;
- 4 Организмнің табиғи қорғаныс деңгейі (пропердин, комплемент, лизоцим ж.б.), төмендеуі аллергиялардың иммундық қабілетті жасушалармен кездесу мүмкіндігін арттырады;
- 5 Жұқпалы жайттың организмде дәрілерді ыдырату және шығару ағзаларымен тікелей немесе жанама әсері;
- 6 IgE-нің артық түзілуіне бейімділік, биологиялық белсенді заттардың тез бөлінуі мен комплементтің құрам бөлшектерінің әсерленуі.

Дәрілік аллергияның даму жиілігі жасқа, жынысқа, нәруыз түзілуі мен антидене өндірілу қарқындығына байланысты. Аллергия дамуында негізгі рөлді жыныстық жетілу, әйелдердің жүктілігі мен бала емізуі кезінде жоғары болатын иммундық жүйенің жетілу дәрежесі мен функциялық белсендігі атқарады. Дәрілік аллергия көбіне жастық шақта (10 мен 40 жас аралығында) және бала туу жасындағы әйелдерде дамиды. Қарттық шақта дәрілік аллергия сирек кездеседі.

Дәрілік заттарға сенсублизация дамуында сыртқы орта жайттары: атмосфераға өндіріс қалдықтары шығарылуы, шаңдану, өндіріс пен тұрмыста химиялық заттардың кеңінен қолданылуы маңызды рөл атқарады. Қазіргі адамдардың химиялы табиғатты аллергиямен ұзақ және тығыз жанасуы аллергиялық серпілістердің даму негізінде жататын дерттік арнайы реактивтіліктің түзілуіне ықпал жасайды.

- Аллергиялық серпілістердің ауырлық дәрежесі мен даму жылдамдығы дәрілік заттарды енгізу жолдарына да байланысты. Өте жиі және тез аллергиялық серпілістер парентералды жолмен (көктамырға, бұлшықетке және тыныс жолдарына) енгенде дамиды. Дәрілік затты ішке, яғни асқазан-ішек жолы арқылы енгізу басқа ену жолдарына қарағанда қауіпсіз. Көбіне аллергиялық серпілістер үзіліспен емделгенде және ұзақ әсер ететін дәрілерді қолданғанда дамиды. Дәрілік зат неғұрлым жақсы тазартылса, соғұрлым дәрілік аллергияны сирек дамытады. Дәрілерге әртүрлі қосымшалар, мысалы, ерітінділер, біркелкі майдалағыштар (эмульгаторларн), консерванттар сенсibiliзация дәрежесін және аллергиялық серпілістер дамуын арттырады.

Клиникасы

Әр түрлі дәрілік заттардың әсер ету жылдамдығына байланысты 3 топқа бөлеміз.

1 топқа Дәрінің организмге түскеннен бастап лезде немесе бірінші сағаттарда дамиды

анафилактический шок

жедел крапивница

Квинке ісігі

бронхоспазм

Жедел гемолитикалық анемия

2 топқа Дәріні организмге түскеннен бастан біріші тәулікте дамиды:

агранулоцитоз

тромбоцитопения

макуло-папулезді экзантема

қызба

3 топқа Дәрілік заттарға аллергиялық реакцияның бірнеше тәуліктен кейін дамиды немесе бірнеше аптадан кейін дамиды Сарысулық ауру көрініс табады.

аллергиялық васкулит және пурпура

артралгия және полиартриттер

лимфаденопатия

ішкі ағзалардың зақымдануы (аллергиялық гепатит, нефрит және т.б.).

Терілік бөрітпелер дәрілік аллергияның ең көп кездесетін клиникалық көрінісі. Ол көбінесе дәріні қабылдағаннан кейін 7-8 тәуліктерде көрініс береді. Көбінесе тері қышиды және ол шынайы көрініс береді және бірнеше күннен кейін дәріні ішуді тоқтатқаннан кейін ізі қалмай қайтады.



Рис. 2. Острый лекарственный блефароконъюнктивит, дерматит



ДӘРІЛІК АЛЛЕРГИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ

1. Этиотропты ем аллергияны организмнен аластауға, ал этиотропты алдын алу - организмнің аллергиямен жанасуын тежеуге бағытталады. Дәрілік аллергияны емдеудің ең тиімді тәсілі дәріні қабылдауды тоқтату, тек өмірге маңыздыларын ғана қалдырады (қантты диабетпен ауыратындарға - инсулин). Гипоаллергендік диетаны тағайындау. Этиотропты алдын алу мақсатында аллергияның организмге түсуін болдырмау шараларын қолданады. Өндірісте желдеткіштерді, респираторларды, ауаны ылғалдандырғыштарды, тазартқаш қондырғыларды, қолғаптарды ж.б. қолданады.

2. Патогенездік ем аллергия патогенезінің негізгі тізбегін үзуге, ал алдын алу оның дамытатын тізбектерді бөгеуге бағытталады, аллергия дәнекерлерінің түзілуін бөгеуге және бейтараптауға бағытталған аллергияның иммундық тетіктерін тежеу арқылы гипосенсибилизация дамуына әкеледі. Осы мақсатта арнайы және бейнақты гипосенсибилизацияны қолданады.

3. Саногенездік ем және алдын алу –тіндерде, ағзаларда, организмде қорғаныстық, бейімделулік тетіктерді белсендендіру.

ImmunoCAP[®]
Molecular
Allergology



Қолданылған әдебиет

- 1 Ә.Нұрмұхамбетулы. Патофизиология. – Алматы; РПО «Кітап», 2007. – С. 321-342.
 - 2 Патологическая физиология: Учебник 2004. – С. 111-135
 - 3 Патологическая физиология п/р А.Д.Адо, М.А.Адо, В.И. Пыцкого, Г.В.Порядина, Ю.А.Владимирова. –
-